

## **Орман қоры жерлерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 қыркүйектегі № 681 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 130-бабына және 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес "Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Шелек орман шаруашылығы", "Ұйғыр орман шаруашылығы" және "Жаркент орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемелерінің орман қоры жерлері санатынан жалпы ауданы 44,8088 гектар жер учаскелері өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтаждықтарына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Алматы облысының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскелерінің "Қазақстан-Қытай" магистральдық газ құбырының "А", "В" желілеріне қызмет көрсету үшін "Азиялық Газқұбыры" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі – серіктестік) берілуін қамтамасыз етсін.

3. Серіктестік (келісу бойынша) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджеттің кірісіне өтесін және алынған сүректі көрсетілген мекемелердің баланстарына бере отырып, алаңды тазарту жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 11 қыркүйектегі  
№ 681 қаулысына  
қосымша

**Орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған және өзге де ауыл шаруашылығына арналмаған жерлер санатына ауыстырылатын жерлердің экспликациясы**

|                          |                         |                    |                       |             |
|--------------------------|-------------------------|--------------------|-----------------------|-------------|
| Жер пайдаланушының атауы | Жалпы ауданы,<br>гектар | орман<br>көмкерген | орман<br>оның ішінде: | көмкермеген |
|--------------------------|-------------------------|--------------------|-----------------------|-------------|

|   |         |        | алаңқайлар | жайылымдар | сортаң |
|---|---------|--------|------------|------------|--------|
| 1   | 2       | 3      | 4          | 5          | 6      |
| "Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Шелек орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі   | 23,2289 | -      | 22,6476    | 0,5813     | -      |
| "Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Ұйғыр орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі   | 1,2959  | 0,5828 | -          | 0,2947     | 0,4184 |
| "Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Жаркент орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 20,284  | -      | -          | 20,284     | -      |
| Барлығы:  | 44,8088 | 0,5828 | 22,6476    | 21,16      | 0,4184 |